

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

7. Решетникова И.В. Деперсонализация судебных актов и гласность судопроизводства // Арбитражный и гражданский процесс. – 2013. – № 8. – С. 19-25.

УДК [343.85](#)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ СУИЦИД МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кувашбекова Луиза Алымбековна

sindi_gera@list.ru

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Заң факультетінің 3 курс студенті, Астана, ҚР, Ғылыми жетекшісі з.ғ.м., аға оқытушы Дәурембеков Е.Қ.

Қазіргі кезде Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының дерегі бойынша Қазақстан елдегі азаматтарының өз өмірлерін қиюы бойынша әлемде бірінші орынды алады. Бұл мақаланың зерттеудің өзектілігі суицидті алдын алу және азаматтардың өмірге деген ерекше көз-қарастарын, қатынастарын қалыптастыру. Ал осыдан үш жыл бұрынғы деректер бойынша Қазақстан үшінші орында болған[1]. Ол кезде орта есеппен 100 000 адамға шаққандағы суицид жасаушылардың саны 30 адамды құраған. ДДСҰ-ның соңғы мәліметіне сүйенсек, әлемде жыл сайын бір миллиондай адам өзін-өзі өлтіреді. Бір миллион адамның 8 мыңы қазақстандықтардан тұрады. Бұл дегеніміз әр бір сағат сайын бір қазақстандық суицид жасайды дегенді білдіреді. Елдегі мұндай ахуал жаңадан пайда болған үрдіс емес. Суицид жасаушылар сонау Кеңес заманынан бері бар. Ол кездің өзінде жыл сайын 4-5 адам өз-өздеріне қиянат жасап, маскара өліммен өмірлеріне нүкте қойып отырған. КСРО және әлем бойынша суицид жасаушылардың саны жағынан Қазақстан сол кездері-ақ алдыңғы қатарлы орындардан көрінген. Бір өкініштісі, суицид жасаушылардың басым бөлігі – еліміздің болашағы деп санаған жас буын өкілдері. Мұндай қара өлімге тап болған адамдардың небары 2-5% ғана Жүйке-неврологиялық диспансерде тіркеуде болған. Сонымен, өзіне-өзі қол салу мінез-құлқы және сыртқы жоспарда көрініс табады. аяқталған суицидті біріктіреді. Өзіне қол салу әрекетідегеніміз – саналы түрде өз өмірін қандай да бір жолдармен қиюға бағытталған, бірақ соңы өліммен аяқталмаған іс-әрекет. Өз өмірін қиюға немесе басқа мақсатқа бағытталған әрекет қайтымды немесе қайтымсыз болуы мүмкін. Аяқталған суицид деп- өлімге әкеліп соққан әрекетті айтамыз. Өзіне қол салу көріністері арқылы өзіне суицидтік ойларды, түсініктерді, көрністерді, күйзелістерді, сондай-ақ суицидтік тенденцияны, олардың арасынан түпкі ой мен ниетті айқындауға болады[2].

Қазіргі таңда өзіне-өзі қол салу мінез-құлқы біржақты патологиялық тұрғыдан қарастырылмайды. Бұл әрекет көп жағдайда есі дұрыс адамның мінез-құлқы. Сонымен бірге, өзіне-өзі қол салуға қатысты әрекет мінез-құлықтың бұзылу формасының ең шегі. Өз өмірін қиюға бағытталған саналы ерікті түрдегі әрекет қазіргі таңда бүкіл жаһандық қоғамдық мәселеге айналып отыр. Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша әлемде жылына шамамен 10-20 миллион адам суицид жасауға бекінеді. Олардың бір миллионға жақыны жарық дүниемен қош айтысады. Еуропалық елдерде өзін-өзі өлтіру, адам өлтіруге қарағанда шамамен үш есе асып түседі екен. Өз-өзіне қол салу деңгейі, көптеген авторлардың пікірі бойынша, салыстырмалы тұрақты ұлттық көрсеткіш болып табылады. Суицид – ішкі эмоционалды қуатын шығару незінде адамның әдейі өз-өзіне қол жұмсау себептерін соңы өлімге әкеліп соғатын жағдай. Жасөспірімдердің өз-өзіне қол салуы – девиантты мінез-құлықтың бір формасы. Жасөспірім кезеңде суицидалдық мінез-құлықтың кейбір өзгешеліктері болады. Жасөспірімдер арасында ересек балаларға қарағанда өзін-өзі өлтіруге әрекет жасау жиі кездеседі. Бірақ олардың азғана бөлігі өздерінің қойған мақсатына жетеді. Суицидалдық мінез-құлық бұл жаста көп жағдайда демонстративтік сипат, сонымен бірге байбаламдық сипат алады. А. Е. Личконың көрсеткеніндей, тек қана жасөспірімдердің 10 пайызы ғана шынайы өлгісі келетін ниет білдірсе, ал 90 пайызы көмекке шақырған жанайқай. Бұл қазіргі таңда жас өспірімдер арасында ең өзекті мәселелердің бірі болып

табылады. ҰБТ-ға дайындалу кезінде оқушыларының бастан кешіретін қысымы көптеген суицидтің болуына алып келеді. Өзін-өзіне қол жұмсау (суицид) жас өспірімдер арасында қазіргі таңда Қазақстанда ең қауіпті және ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады[3].

А.Е.Личко, А.А.Александров 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдерді сынақ-зерттеден өткізіп, мынадай қорытындыға келген. Психикалық өзгерістердің біршама артуы байқалады, мысалы депрессия. Балалар депрессиясының белгілеріне әрбір ұсақ түйекке мән берушілік, іш пісу мен шаршағандық сезімдері, айтқанды тыңдамау мен айқай-шу, жанжал көтеруге дайын тұрушылық, ішімдік пен есірткіні пайдалану жатады.

Жас кезде көбінесе, мұндай мінез-құлықтар көп жағдайда жеке бас қарым-қатынастармен, мысалы, бақытсыз махаббатпен тығыз байланысты болып, депрессияға ұшырауға бейім келеді. Депрессияның деңгейі көп жағдайда суицидалдық қорқыныштың шынайы көрсеткіші болып келеді. Жалпы айтқанда, жасөспірімдер арасындағы суицидалды мінез-құлыққа өз құрбылары мен ата-аналары арасындағы жеке қарым-қатынастардың да ықпалы әсерін тигізеді. Қазіргі кездегі суицидтің себептері. Әр суицидтің шығу себебі бар. Бірақ көп жағдайлардағы себеп ондай адамдардың иманының болмауы мен өмірдің қиыншылықтарын дұрыс түсінбеулерінде болады. Бұлар басты себептері. Ал басқа себептердің барлығы осы басты себептерге тікелей тәуелді. Мысалы, сүйген қызымен ұрысып, немесе аралары ажыраған жігіттің өзін-өзі өлтіруіне санасы ояу адам баласы үшін ешқандай ақылға қонымды себеп жоқ. Ақымақтықпен өз өмірін қияды.

Қаржылық жағдайлардың әсері де кей адамдар үшін суицидтің тудырушы күші болып табылады. Алайда, қаржылық қиындықтар басты себеп емес. Егер ондай қиындықтарға шыдамай өз-өзін өлтіру белең алса, онда әлемнің тең жартысы қырылып қалады емес пе?! Қиындық кімде жоқ дейсіз?! Демек, иманы мен өмірге деген көзқарасы дұрыс емес болған адам ғана мұндай уақытша қиындықтарға төзе алмай, еңдұрыс жол ретінде суицидті таңдайды.

Суицидтің шығу себептері:

- Отбасылық ұрыс-керіс, ажырасу, жалғыздық, махаббатқа жол болдырмау, жыныстық қарым-қатынастағы әлжуаздық.
- Психикалық сырқаттық, белгісіздік пен бедеулік.
- Қылмыстық жауапкершіліктен қашу, істеген ісінің ұяттығынан қорқу.
- Материалдық тұрмыстық қиыншылықтар.
- Жұмыс және оқу орындағы даулы мәселелер мен сәтсіздіктер.
- Қоғамдық – саяси жағдайлар.
- Тұқым қуалаушылық.
- Даму акселерациясы.

Эмоционалды бұзылыстар: қоршаған ортаға деген көңілсіздік, кекшіл, жылдам ашуланғыш, қобалжу, негізсіз қорқу.

Суицидалдық ниет- түпкі ойға ерік компоненті қосылған кезде шығады, яғни, шешім сыртқы мінез-құлық әрекетіне көшуге дайын болу кезеңі.

Өзіне -өзі қол салу негізгі 3 топқа бөлінеді: шынайы, демонстративтік және жасырын.

Шынайы суицид (шындығында да өзін-өзі өлтіргісі келетін адам) –Қашанда жабырқау дағдарыстық жағдай немесе өмірден бас кешу жайлы ой, өмір сүрудің мәні жайлы ойланып күйзелу жатады.

Демонстративтік суицид – өлуге деген ниетпен байланысты емес, қайта өз проблемасына назар аударудың әдіс-құралы болады, көмекке шақырады.

Жасырын суицид - өзін-өзі қол салу мінез-қылығының бір түрі. Бірақ қатаң мағынада оның белгілеріне жауап бермейтін, сонда да сол бағыт пен қорытындыға ие болады. Бұл іс-әрекет көп жағдайда қауіп-қатер деңгейінің жоғарғы ықтималдылығымен ұштасып жатады. Көп жағдайда бұл мінез-құлық тәуекелге негізделіп өмірден өтуден гөрі өліммен ойнауға көбірек ұқсайды. Бұндай адамдар өмірден өтудің ашық түрін таңдамай суицидалдық шартты мінез-құлықты қалайды. Бұларға автомобиль жүргізудің қауіпті түрі, спорттың эстремальдық

қауіпті түрлерімен айналысуы, ерікті есірткілерді пайдаланумен, ішімдікті қолданумен, сондай-ақ өзін-өзі оқшаулау жатады.

А.Г.Амбрумова өз ойын былай білдіреді «Өзін-өзі өлтіру шынайы суицид, сондай-ақ өзін-өзі өлтіруге әрекет аяқталмаған суицид»

Ал А.Е.Личконың пікірі бойынша суицидалдық мінез-құлық жасөспірімде демонстративті, аффекті және шынайы болып келеді.

Мына мінез-құлық әрекеттеріне байланысты:

Біріншіден, ол демонстративтік- байбаламдық мінез-құлқын бөлектеді, екіншіден, оның пікірі бойынша өзін-өзі зақымдау мен қандай да бір дене мүшесіне жарақат салу, зақымдаумен шектеледі. Үшіншіден, мұндай мінез-құлықтар айналып келегенде бақытсыз жағдайдың құрбаны болуға әкеліп соғады.

Суицидалдық мінез-құлық жас айырмасына қатысты да болады. Мысалы, өмірдің кризистік кезеңдері, жастық шақ, кәріліктің басталуы және т.б.

Жан күйзелісіне шыдай алмау, жағдайдан шығудың жолын таппау, үмітсіздікке бой алдыру мен жеке басының дағдарысы, проблемада байланып қалу-осының бәрі айналып келгенде таңдауды тарылтып, өзін-өзі қол салуға итермелейді.

Суицидтік әрекеттің алдын-алу және түзету:

- Стрессті жеңуге үйрету.
- Отбасы мектеп, референттік топтың көмегімен жасөспірімге әлеуметтік қолдау көрсету.

- Қиыншылықты жеңуге арналған психологиялық тренингтер жүйесін ұйымдастыру.
- Суицидтік жағдайларға жеткізген психологиялық қажеттіліктерді азайту.
- Өмірге ерекше қатынасты қалыптастыру.
- Суицидтік мінез-құлықты тани білу, алдын алу.

Көмек беру үшін:

- Суицидке әкелген себепті табуға тырысу.
- Суицидке бейімділігі бар тұлға деп, оның әрекетіне нақты көзқараспен қарау.
- Қамқорлық көрсете білу.
- Тыңдаушы бола білу.
- Өмірдегі қажеттілігін түсіндіре білу.
- Сөз таластырмау
- Дәлелденбеген басу айтпау.
- Үміт беру.
- Мамандармен байланысу керек.

Түн артынан күн шығатыны секілді, қиыншылық арты жақсылыққа ұласатынына адам сенімді болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Казахстан находится в первых строчках рейтингов по количеству суицидов. www.zakon.kz

2. Казахстан: одно самоубийство в час / Общество / Интернет-газета ЗОНА КЗ. Казахстан.

3. Что толкает казахстанских подростков на самоубийство? — Общество, 16 июня 2015.